

Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 26 ақпандағы № 1/212 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 1801-02 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Масс-медиа туралы" Заңының 8 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ "Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының аумағында бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" 2022 жылғы 16 ақпандағы № 1/39 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26829 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№ 1/212 қаулысына қосымша

Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1. Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесі (бұдан әрі – Үлгілік әдістеме) Қазақстан Республикасының "Масс-медиа туралы" Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 610-НҚ "Мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттар құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді және Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдарының көрсетілетін қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

Көрсетілетін қызметтің әрбір жеке түрі үшін базалық бағаны жергілікті атқарушы орган дербес айқындайды.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттерде көрсетілетін қызметтің құны;

V_n – газетте орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын, см² есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдарда көрсетілетін қызметтің құны;

V_m – журналда орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – журналда орналастырылатын, см² есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = V_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

V_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам – 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, телевизияда көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевизияда көрсетілетін, секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі.

Егер Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизияда көрсетілетін қызметтерді жанрлар бойынша бөлу ескерілмеген жағдайда, телевизиялық көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_r – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Алматы қаласының аумағында
мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі мемлекеттік
тапсырысты жүзеге асыру үшін
сатып алынатын қызметтердің
құнын айқындау
Әдістемесіне қосымша

Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағалары

№	Қызметтердің атауы	Өлшем бірлігі	2025 жыл, теңге	2026 жыл, теңге	2027 және кейінгі жылдарға, теңге
1	2	3	4	5	6
1.	Алматы қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) қызмет (B_n)	ш а р ш ы (сантиметр	458	496	538
2.	Алматы қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) қызмет (B_m)	ш а р ш ы (сантиметр	321	348	377

3.	Интернет-ресурста көрсетілетін (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) қызмет (Vi)	символ	90	97	105
4.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (жаңалық сюжеттерін шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	557 566	604 959	656 380
5.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (ток-шоуларды шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	52 952	57 452	62 336
6.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (ойын-сауық шоуларын (музыкалық, әзіл-сықақ	минут	97 316		114 562

10.	таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (бейнеролик шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	секунд	25 188	27 328	29 650
11.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (телехикая шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	серия	9 159 200	9 937 732	10 782 439
12.	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (жаңалық сюжеттерін шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	153 645	166 704	180 873

13.	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (ток-шоуларды шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	81 631	88 569	96 097
14.	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (ойын-сауық шоуларын (музыкалық, әзіл-сықақ бағдарламалары) шығару және орналастыру)) қызмет (Btv)	минут	97 116	105 370	114 326

15.	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (реалити-шоулар шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	92 000	99 820	108 304
16.	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (телевизиялық бағдарламалар шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	48 315	52 421	56 876
	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін				

17.	<p>телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (деректі фильм шығару және орналастыру) қызмет (Btv)</p>	минут	125 137	135 773	147 313
18.	<p>Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (бейнеролик шығару және орналастыру) қызмет (Btv)</p>	секунд	32 630	35 403	38 412
	<p>Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының</p>				

19.	аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (телехикая шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	серия	5 801 780	6 294 931	6 830 000
20.	Радиоарнадағы (ақпараттық бағдарламаларды шығару және орналастыру) қызмет (Bг)	минут	22 900	24 846	26 958
21.	Радиоарнадағы (аудиороликті шығару және орналастыру) қызмет (Bг)	секунд	663	719	780